



«ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау облысының аумағында ақпараттық-көрсету, ескерту белгілерімен және километрлік бағаналармен белгіленген «Қаламқас-Қаражанбас-Ақтау» (Қаражанбас-Ақтау 2-желі мұнай құбыры), «Солтүстік Бозашы-Қаражанбас», «Өзен-Жетібай-Ақтау 2-келісі», «Өзен-Жетібай-Ақтау Ду-700мм», «АПМЗ базасында битум зауытына баратын мұнай құбыры», «Өзен-Атырау-Самара» магистральды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланысының кабель желілері жүргізілгенін ескертеді.

«Магистральдық құбыр туралы» ҚР заңы мен Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялар желілерін күзету ережесіне сай келесі күзет аймақтары:

1) мұнайды тасымалдайтын магистральдық құбыр трассалары бойында – құбыр осінің әрбір жағынан 50 метр жерден ететін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің әрбір жағынан 25 метр жерден ететін шартты сызықтармен шектеледі;

2) бір техникалық дәлізде төселген көпжелілі құбырлар трассалары бойында - шеткі құбырлар остерінен осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қашықтықтарда ететін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;

3) су асты өткелдері бойында – өткелдердің шеткі желілері остерінің әрбір жағынан 100 метр кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде;

4) өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде – аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа 50 метрге кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;

5) бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар парктері, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;

6) орманы жоқ учаскелерде елді мекендерден тыс орналасқан байланыс және радиофикацияның жер асты кабельді және әуе желілері – жер асты кабельінің трассасынан немесе әуе желілерінің шеткі сымдарынан әрбір жағынан 2 метрден кем емес қашықтықта қалатын параллель түзумен анықталатын осы желілер бойындағы жер учаскесі түрінде орнатылады.

3.05-101-2013 «Магистральдық құбыр» ҚР СЕ сай 10 метрден 150 метрге дейін қауіпсіздік аймақтары орнатылады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында магистральдық құбырға жатпайтын кез келген объектіні қағидалар жинағымен белгіленген ең аз қашықтық шегінде салуға тыйым салынады.

Халықтың қаржылық сауаты мен қаржылық қауіпсіздігі

Дамып келе жатқан экономика жағдайында қаржылық нарықтар түрлі сыртқы және ішкі әсерлерге ұшыраған кезде халықтың қаржылық сауатын арттыру және қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету елдің әлеуметтік-экономикалық жүйесінің тұрақтылығы үшін аса маңызды аспектілерге айналады.

Қаржылық сауат – бұл жеке тұлғалардың өз қаржыларын түсіну және тиімді басқару, негізделген қаржылық шешімдер қабылдау қабілеті, сондай-ақ тәуекелдер мен мүмкіндіктерді білу. Қаржылық сауаттың негізгі құрамдас бөліктері мыналарды қамтиды:

Бюджет жасау – табыстар мен шығыстарды жоспарлау, қаржылық жоспарды сақтау.

Инвестициялар – дұрыс инвестиция жасау, капиталды сақтау және көбейту үшін қолданылатын қаржылық құралдарды түсіну.

Несие мен қарыздар – несиелеу түрлері, пайыздық мөлшерлемелер, мерзімдер мен шарттарды білу, сондай-ақ қарыз тұзағына түспеу жолдарын түсіну.

Салықтар – салық жүйесі, салық төлеушілердің құқықтары мен міндеттерін білу.

Қаржылық сауат адамдарға үнемдеу, жинақтау, инвестициялау және болашақ шығындарды жоспарлау мәселелеріне саналы қарауға көмектеседі. Қаржылық сауат деңгейі жоғары болған сайын, қаржылық шығындардың ықтималдығы төмендейді және жеке қаржыларды басқару тиімдірек болады.

Қаржылық сауатсыздықтың салдары:

Бюджетті дұрыс жоспарламау: адам табысы мен шығындарын дұрыс бөле алмайды. Бұл қажетсіз заттарға ақша жұмсауға, жинақтың болмауына және қаржылық тұрақсыздыққа әкеледі. Ол табысынан көп жұмсап, қарызға батады.

Қарызды дұрыс басқармау: адам қарыз тұзағына түсуі мүмкін. Несие шарттарын түсінбеу немесе бірнеше несие алу қаржылық жағдайды нашарлатуы мүмкін. Көптеген адамдар несие шарттарын білмей, жоғары пайыздармен артық төлем жасайды және уақытында қарызды төлей алмайды.

Қор жинақтамау: адам күтпеген жағдайларға (ауру, жұмыссыздық, шұғыл шығындар) арналған резервтік қаражат жинауды ойламайды. Бұл қаржылық қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Инвестициялармен мәселелер: қаржылық сауаттылығы төмен адамдар тәуекелді және негізсіз инвестицияларға ұрынуы мүмкін. Бұл қаржылық шығындарға әкеледі, әсіресе олар қаржылық пирамидаларға түсіп қалса немесе

Электронды технология

Қазақстанда сот ісін жүргізудің жеделдігі мен қолжетімдігін қамтамасыз етудегі аса маңызды қадамдарының бірі – «Сот кабинеті» электрондық сервисін енгізу болды.

Сот кабинеті – Қазақстан Республикасы соттарының сервистеріне электрондық түрде қол жеткізудің бірыңғай терезесі.

Осы жүйе арқылы азамат, оның өкілі немесе адвокат өзіне ыңғайлы кез келген уақытта үйден, кеңседен шықпай-ақ интернет арқылы сот органдарына жүгіне алады. Яғни «Сот кабинеті» арқылы өтініштерді, арыздарды, шағымдар мен өтініштерді электрондық түрде дайындауға және беруге болады. «Сот кабинеті» сервисіне кіру ЖСН немесе БСН, сондай-ақ пароль арқылы жүзеге асырылады.

Республика соттарында сотқа қатысушы тараптар үшін «True conf» мобильді қосымшасы және бейнеконференц байланысты қолданып, онлайн режимінде сот отырысына қатысуға толық мүмкіндік қарастырылған.

Қағаз жүзіндегі құжат айналымын азайту мақсатында сотқа арыздар, өтініштер «Сот кабинеті» сервисі арқылы онлайн режимде жолданып, соттардың жұмысы электронды ақпараттық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар қағаз жұмыстарын оңтайландыру, электрондық форматқа көшу мақсатында республика соттарында қылмыстық сот ісін жүргізуді электрондық форматта жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітілді.

Аудандық және оған теңестірілген соттарға «сотқа

Халықтың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, шаруа қожалықтарының назарына

ЕСКЕРТУ

ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ:

Құбырдың күзет аймағында құбырды қалыпты пайдаланудың бұзылуына немесе олардың зақымдалуына алып келуі мүмкін кез келген іс-әрекетті, атап айтқанда:

- тану белгілерінің, бақылау-өлшеу пунктлерінің орнын ауыстыруға, көміп тастауға, сындыруға;
- кабель байланысының күттім жасалмайтын күшейтеу пунктілерінің люктарын, кішкене қақпалары мен есіктерін, желілік арматура тораптарының қоршауларын, катодтық және сорғыту қорғанысының стансаларын, желілік және қарау құдықтарын, басқа желілік құрылғыларды ашуға, қрандар мен ысырмаларды ашуға және жабуға, байланыс құралдарын, энергиямен қамту, құбырдың телемеханикасын ажыратуға;
- түрлі қоқыс тастайтын жерге айналдыруға, қышқыл ерітіндісін, тұздарды және сілтілерді төгуге;

- жағалауды бекіту ғимараттарын, су өткізгіш құрылғыларды, құбырды бұзылудан, ал шектес аймақты және қоршаған жерді тасымалданатын өнімнің апаттық төгілуінен сақтайтын жер мен өзге де құрылысты (құрылғыны) бұзуға;

- зекір тастауға, берілген зәкірмен, шыңжырмен, науамен, сүйретпемен және тралмен өтуге, түпті тереңдету жұмыстары және жер қазу жұмыстарын жүргізуге;
- от жағуға және қандай да бір ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға;

«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің жазбаша рұқсатынсыз магистральдық құбыр күзету аймағында тыйым салынады:

- өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін «ҚазТрансОйл» АҚ –пен келіспей, орнатуға;

- бағбандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспімеген кез келген жұмысты орындауға;

- «ҚазТрансОйл» АҚ жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекултивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;

- кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;
- автомобиль келігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарынан

ұйымдастыруға;

- мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрату жүйелерін салуға;
- «ҚазТрансОйл» АҚ-тың келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;
- ұңғымалар, тікқазбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздеуші жұмыстарын жүргізуге.

Магистральдық құбырдың күзет аймағында кез келген жұмыстар және іс-әрекеттерді орындау қажет болғанда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар міндетті:

- «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен жазбаша «Магистральдық құбырдың күзет аймағында жұмыс жүргізуге рұқсатнама» алсын, жұмыс жүргізуге рұқсатнама жұмыс жүргізушіде қолданыстағы құбыр көрсетілген Жобалық және Атқару құжаттамасы болған жағдайда ғана беріледі;

- «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмысты жүргізу орнына кемінде 5 тәулік бұрын шақыртуға; жұмысты құбыр және танымдық белгілерді сақтауды қамтамасыз ететін талаптарды сақтап орындасын.

- «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесі «Магистральдық құбыр туралы» ҚР заңы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялар желілерін күзету ережесі мен 3.05-101-2013 «Магистральдық құбыр» ҚР СЕ, сондай-ақ «Күзет аймағында жұмыс жүргізуге рұқсатнамада» көрсетілген талаптарды бұзбаумен орындалған жұмысты тоқтатуға құқы бар.

«Магистральдық құбыр туралы» ҚР заңы, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялар желілерін күзету ережесі мен 3.05-101-2013 «Магистральдық құбыр» ҚР СЕ құбырмен тасымалдайтын кәсіпорындар, жергілікті билік және басқару органдары, сондай-ақ құбыр өтетін ауданда қандай да болмасын жұмыс жүргізетін немесе қандай да болмасын іс-әрекет жасайтын ұйымдар (меншік түріне қарамастан) орындауға міндетті болып табылады.

Ережелерде, заңдарда баяндалған талаптарды бұзған кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда баяндалған мәселелер бойынша төмендегі мекен-жай бойынша хабарласуға болады:

«ҚазТрансОйл» АҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасы.

130000 Ақтау қ. 8-ші/а, 38-6 ғимарат. Тел.: 8(7172) 555-251, 555-252 – «ҚазТрансОйл» АҚ БДБ диспетчері. Тел.: 8(7292), 479-278, 479-398, 479-294, 479-249 – ММҚБ магистральды құбырды пайдалану қызметі, факс: 8(7292) 479-219 Ақтау қаласы.

Дені саудың – жаны сау

«Бірінші байлық – денсаулық» демекші, әр адам өз денсаулығын күтіп ұстауы қажет. Егер деніміз сау болмаса байлықтан, басқа қызықтан не пайда?!. Дүниеде ешбір нәрсе денсаулықтың теңі бола бермейді. Сол себепті денсаулығымызға залалын тигізетін кейбір нәрселер жайлы білгеніміз жөн. Меніңше, деніміз сау болып өмір сүргеннен артық ештеңе жоқ.

Ал енді денсаулығымыз мықты болу үшін не керек? Ең алдымен күн тәртібін құрып, сол тәртіпке өз-өзімізді бағындыра білуіміз керек. Мен балабақшамызда таңертең келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын өткіземін: ертеңгілік жаттығулары, қимыл-қозғалыс ойындары, спорттық ойындары, сергіту сәттері. Сондай-ақ ең керекті – спорт пен өнерді жанымызға серік ету. Білім ала жүріп, жаман әдеттерден жирене білуді айқын білген жан ешқашан да өз-өзіне жамандық жасамайды. Болашағын ойлаған адам бала кезден өзін тек жаксы әдеттермен дос болуға қалыптастырады. Сондықтан біз де зиянды әдеттерден арылып, ертеңгі күні өмірімізге үлкен соққы боларын бүгінгі күннен ойлауымыз қажет. Денесін жаттықтыру арқылы адам дені сау, төзімді, епті болмақ. Басты міндет – балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру. Спорт ойындары мен жүйелі түрде және үздіксіз айналысатын балалар дені сау болып қана қоймай, дене жаттығуларын орындаумен айналыспаған балаларға қарағанда сергек, саналы болып өсетінін ғылым мен өмір тәжірибесі толық дәлелдеп отыр. Дене шынықтырумен айналысатын бала-лар жақсы оқып білгендерін іске асыратын табанды, жігерлі азаматтар қатарына қосылады. Жылдың барлық мезгілдерінде балалардың денсаулығына рационал-ды тамақтануына ерекше көңіл бөлінуде. Сонымен қатар балабақшада күнделікті шынықтыру шараларын өткізуге жағдай жасалады.

– Серуен және күндізгі ұйқыдан кейін беті-қолын, мойнын салқын сумен жуады;

– Күн тәртібіне сәйкес балаларды таза ауаға шығару, ертеңгілік жаттығулар жасау, оқу іс-қызметі кезінде сергіту сәттерін жасау, қимылды ойындар өткізу т.б. жүргізіледі;

– Өзін-өзі күту дағдыларын дамытуға жағдай жасалған (ауа райына байланысты киінуге, мүмкіндігінше киімдерін тазалауға, жуынуға, тарануға, киімін жинауға, бет орамалды қолдануға және т.б. үйретемін).

Алдымызға келген әрбір бүлдіршіңдердің денінің сау болуы үшін біз осы бағытта тәрбие бере білуге тиіспіз. Болашақ ұрпақтың дендері сау болуы үшін ұстаздар олардың бойларына жақсы дәстүрлер мен әдеттерді сіңіріп, салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігін және оны іске асырудың жолдарын үйретуіміз қажет. Салауатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуы-на әсер етеді.

«Бұлақ көрсен көзін аш» деп халқымыз айтқандай, балаларды жоғары биік-ке ұмтылдыруға, серпін жасауға көптеген спорттық іс-шаралар мен жарыстар ұйымдастырамын. Тілге тиек етіп айта кететін болсақ, әр ай сайын мезгілге сай және мерекелік күндерге орай өткізілетін спорттық іс-шаралардың жоспары әр ай мен күнге бөлініп, өзіміңн жылдық бағдарламама сай жоспарланып қойылған. Бала ағзасын қалыпты өсіру үшін дене шынықтыруға ерекше мән беруі керек.

Гүлмира АМИНОВА,

№23 «Ақмоншақ» бөбекжайының тәрбиешісі.

№107

Хабарландыру

24.04.2025 ж. сағат 15.00-де, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Батыр ауылы мәдениет үйінің ғимараты мекен-жайы бойынша «2025-2026 жылдарға арналған «Oil Preparation Terminal» ЖШС (Ойл Препорейшн Терминал) үшін атмосфераға ластанушы заттардың шекті жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету» жо-басы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Карантин жағдайында ZOOM платформасында онлайн режимде өтеді.

Сілтеме: https://ecoportal.kz/Public/PubHearings.

Конференция ID: 783 741 9063.

Қолжеткізу коды: 12345.

Тапсырыс беруші: «Oil Preparation Terminal» ЖШС (ОйлПрепорейшнТерминал), Промзона 6 №150 ғимарат. БСН: 150540015520, тел.: 8-7292 579-555, ain.88@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші: «ДАЯН-ЭКО» ТҮҚ, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облы-сы, Ақтау қаласы, 12-шағын аудан, 19 корпус, 27-кеңсе, БСН: 821117402588, тел.: 8 705 344 00 20.

Қосымша ақпарат: г.а.у@list.ru, 8 705 344 00 20, сондай-ақ Бірыңғай экономикалық кеңістік және жергілікті өзін-өзі басқарудың ресми интернет-ресурсы: <https://ecoportal.kz/>.

ЖАО:«Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы», әл. пошта: g.tulembet@mangystau.gov.kz, тел.: 8-(7292)-43-10-88.

Ескертулер мен ұсыныстар: g.tulembet@mangystau.gov.kz және <https://ecoportal.kz/> сайтында.

№106

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

«Айби-Тас» ЖШС (БСН: 0407 4000 7277) мөрінің жоғалуына байланысты жа-рамсыз деп танылсын.

№108